

М.М.ХАЛИТОВА¹, И.Р.ХАЛИТОВА^{2*}, Н.О.АТЕМКУЛОВА²

¹Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитеті Экономика институты,

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)
khalitova4646@gmail.com, khalitova46@yandex.ru, naz.0506@mail.ru

ӨСІП КЕЛЕ ЖАТҚАН ЖАС ҰРПАҚТА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САНА ҚАЛЫПТАСТЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа

Экономикалық сананы зерттей келе, жас ұрпақта оны қалыптастыру мүмкіндіктерін қарастыру керектігі байқалды. Жас ұрпақта экономикалық сана қалыптастыру және оны заман талаптарына сай трансформациялау жолдарын іздестіру. Жас ұрпақта экономикалық сана қалыптасқандығын бағалау өлшемдері мен көрсеткіштері анықталды. Тұлға бір жағынан өз мүддесін ойластырады, екінші жағынан сол қоғамға сәйкес келуді де түпкі санасында тұтады. Қоғамда болып жатқан жағдайларды сындарлы ойлау арқылы өзінің мұрат, мақсатымен салыстырмалап, сыни тұрғыда бағалай келе, іс-әрекетке бару жолдарын қарастыру, өзінің болашақ іс-қимылын жоспарлау заман талабы десек жаңылмаймыз. Қоғам қандай болса да адам үшін ең маңызды нәрсе-ішіп жеу, киіну, баспаналы болу, ол үшін қаражат табу, оны жұмсау, еселеп көбейту т.с.с. барлығы келіп экономикаға тіреледі. Демек, кез-келген адамға осы саладан қандай да бір білім, білік, дағдылар қажет, әрі олар саналы қабылданған болса ғана адамның керегіне жарайды. Демек, адамдар қауымына экономикалық білім, білік, дағдылар мен әдеттер қажет. Тағы бір маңызды нәрсе қоғам дамыған сайын адамның қажеттенулері де өзгеріп, дамып отырады. Енді соған сәйкес келу мәселесі туындайды. Өмірдің барлық қырлары секілді экономиканың элементтерін саналы меңгеру қажет екені айқындала түседі және қоғам дамыған сайын олар өзгеріп отырады. Демек, экономикалық білім, біліктерде жаңғырып отыруы-трансформациялануы тиіс.

Мақала «Экономика патологиясы жағдайында қоғамның экономикалық санасын трансформациялау (Қазақстан Республикасы мысалында)» – AP09259332 ЖТН гранттық зерттеу шеңберінде дайындалған

Түйін сөздер: Экономикалық сана, өсіп келе жатқан жас ұрпақ, трансформация, экономикалық білім, іс-әрекет, қажеттілік.

Кіріспе. Экономикалық сананың түп негізінде жеке адамның «Менікі» санасы (самосознание) жатады. Бұл жерде ғұлама Абайдың 38 қара сөзіндегі «мені мен менікінің мағынасы екі» – дегені осы «Мен» тұжырымы мен «менікі-самосознание» – дегенге сәйкес екенін айта кетеміз [1]. Онда тек сол тұлғаның өзіне ғана тән жеке көзқарастар жүйесінің ішінде экономикалық қатынастардың элементтері деорын алады. Осы күні экономикалық жақтан қамсыз болу әр тұлғаның соның ішінде баланың, әр жастың түпкі санасынан орын алуда.

Олардың қай-қайсысы да ауқатты болуды қалайды. Бірақ та оған қайтіп?, қалай? қол жеткізуге болатынын саналы пайымдай алмайды. Сондықтан да сана және оның қалыптасуы, оның трансформациясы осы күнгі аса актуалды мәселелердің бірі.

Экономикалық тәрбие педагогиканың тәрбие теориясындағы маңызды салалардың бірі. Бұл мәселеге байланысты материалдар баршылық, атап айтсақ Ә.Құтпанбаев «жастарға экономикалық білім беру негіздері» [2], М.З. Жанбөбекова «ұлттық мектептерде экономикалық білім беру»

[3], С.Тұрсынбаева «бастауыш сынып оқушыларының экономикалық тәрбиенің психологиялық-педагогикалық негізі» т.б. еңбектерді атауға болады [4]. Бұл еңбектерде экономикалық тәрбие заманымыздың актуалды мәселелерінің біріретінде атап көрсеткен. Десек те, өсіп келе жатқан жас ұрпақта экономикалық сана қалыптастыру мәселесіне назар аудару жеткіліксіз.

Қоғамдық сана қалыптастыру үшін сол қоғам мүшелерінің әрқайсысының санасына жету керек екенін аңғарамыз. Өйткені қоғамдық өзгерістерді әр адам өзінше қабылдайды, соған бейімделу жолдарын іздестіреді. Ғылыми зерттеулерде кеңінен қолданыстағы «өсіп келе жатқан жас ұрпақ» ұғымына байланысты, бұл 16-18 жасқа дейінгі тұлғалар. Олар өз істеріне саналы жауап бере алады. Экономикалық тәрбиені отбасында, балабақшада бала сөз түсінетін болған кезден іске асыруға болады. Өйткені осы кезден бастап өзін, қоршаған ортаны саналы қабылдай бастайды.

Сана психологиясына келетін болсақ, көптеген ғылыми еңбектер жазылды. Солардың ішінен кейбірін атап өтсек, Ф.Т. Михайлова «шығармашылық қабілет тұрғысынан» [5], А.Г. Спиркин «Менікі (самосознание)» [6], Д.И. Дубровский «шынайы тұрмыс айғақтарын жинақтап, жігерлендіретін тұсынан таныса» [7], көптеген психолог ғалымдар сананы, ішкі қуат, саналылық бастамасы, жекелік белгілер жиынтығы, өзін бақылау, басқару тетігі, өзін басқалардан ерекшелендіру пікірі деген секілді әр тараптан қарастырды. Келтірілген ғалымдардың атап өткен ойларының экономикалық сана қалыптастыру үрдісінде маңызы бар. Тіпті оларды экономикалық сана қалыптастыру тұғыры ретінде қарастыра аламыз.

Психология тұрғысынан «Мен» және «менікі» ұғымдарын зерттеген шетелдік ғалымдар баршылық. Солардың бірқатарын атап өтсек, олар: З.Фрейдсанадан тысқары, түпкі сана және сана-деген үш ұғымның өзара байланысын дәріптеді [8]. Ч.Кули [9], Дж.Мид «жекебас-индивид» және көпшілік-бұл қарым-қатынастың нәтижесі немесе

адамдар арасындағы өзара ықпалдастық (интеракция) деген пікірді алға тартты [10]. Олар көпшілікті тұлғалар арасындағы қарым-қатынас жиынтығы дей келе, осы жерде экономикалық сана қалыптастыру және оны трансформациялау үшін маңызды келесі үш алғышартты атап көрсетті:

- адамдар сыртқы қозғаушы күштерге, өзі үшін маңызына қарай назар аударады, себебі оларды қоршаған ортаның элементтері деп таниды;

- мұндай маңыздылық, әлеуметтік ықпалдастықтың нәтижесі – деген пікірде;

- өзара ықпалдастық шеңберінде туындаған өзін жеке тұлға ретінде қабылдау және оның өзгермелі екенін көрсетеді.

Эриксон адамның даму кезеңдерін анықтауда «Мен» тұжырымы оның бастамасы» – десе [11], К.Роджерс «Мен-теориясын ұсынды» [12], Роберт Бернс «Мен-теориясы» оқыту мен тәрбиелеу арқылы жеке бастың менікі ұғымының қалыптасуына ықпалын дәріптеді [13]. Бұған назар аударып отырғанымыздың себебі де осы, оқыту және тәрбиелеу арқылы өсіп келе жатқан жеке тұлғада экономикалық сана қалыптастыру жолдарын пайымдау.

Жеке тұлғаның «Мен» тұжырымы тұрмыстық, өмірлік қарама-қайшылықтарда қалыптасады. Назар аударуға тұрарлық мәселе, осы заманда «еңбектеген баладан еңкейген қартқа» дейін осы «Мен» тұжырымның қалыптасуына әсіресе экономикалық қарым-қатынастардың қуатты күші ықпал етуде. Демек, осы ахуал адамдардың «Менікі» санасына ұрымтал ықпал етуде. Янчук В.А. сананың осы қасиеттері негізінде оны қалыптастыруға болатындығын көрсетеді [14].

Негізгі бөлім. Сана туралы философ, психолог, педагог, әлеуметтанушы, әлеуметтік педагогика т.б. саладағы ғалымдар жазды. Атап айтсақ, сана-бұл объективті шындықтың психикада шағылуының, өзін реттеудің жоғары деңгейі, әлеуметтік жан ретінде тек адамға ғана тән екенін дәріптеді. Сана ерекшелігі үнемі өзгеріп тұратын адамның ақылы мен сезімінің тоғысқан тұсы, көбінесе тұлғаның ішкі жан-дүниесінде

көрініс береді. Ал оны сыртқы іс-әрекетінде көрсету не көрсетпеу ситуацияларға байланысты десе де болады.

Ғалым *Щербатов Ю.В.* сана ұғымына «адамның санасы-бұл қоғамдық өмір барысында қалыптасқан психиканың шынайы тұрмысты ең жоғарғы шағылдыру формасы және қоршаған ортаның субъективті моделі болып, ол сөз түріндегі ұғымдар және сезімдер сипаты ретінде бейнеленеді»-деп анықтама беріп, оның келесідей сипаттамаларын атап көрсетті:

- біріншіден ол әрқашан белсенді;
- екіншіден, бағытты- интенционалды;
- үшіншіден, рефлексивті немесе өзі-өзі бақылайды;
- төртіншіден, құндылық-мотивциялық (ыңдын-Шәкәрім) мәнге ие – деп, белгіледі [15].

Психолог ғалым А.Н. Леонтьев сананы «адам психикасының ең құпиялы тұсы» десе [16], Ф.Перлз «сана-ұлы құпияны дәріптейді» деген. Түптеп келгенде сана бейнесін, өзі көріп тұрған, талқыланбайтын субъективті көрініс деуге болады [17]. Психолог *Щербатов Ю.В.* сананың тұтас белгілеріне: сөйлеу, ойлау және қоршаған орта туралы бейнелер мен ұғымдар түрінде жалпылама моделін жасау қабілетін жатқызады [18]. Сана құрылымына кіретін әрқайсы элементтің атқаратын қызметі бар деп мыналарды келтіреді: 1) Таным үрдісі-түйсіну, қабылдау, сезіну, ойлау, есте сақтау. Осылардың негізінде қоршаған орта жайлы білім жиынтығы қалыптасады; 2) Объекті мен субъектіні ажырата білу-өзін қоршаған ортаға қарсы қою, «Мен» және «Мен еместі» ажырата алу; 3) Адамның өзіне және қоршаған ортаға мәмілесі-оның сезінуі, эмоциясы, уайымы; 4) Креативтілігі немесе шығармашылығы-сана, түйсік, қиялдану, ой жүргізу көмегімен бұрын болмаған, жаңа бейнелер, ұғымдар жасайды, қалыптастырады; 5) Әлемнің уақытылы(тұрақсыз) суретін қалыптастыру не өткендегі бейнелерді сақтайды, қиялданып болашақтың моделін жасайды; 6) Іс-әрекет мақсатын қалыптастырады - адамның қажеттенулеріне байланысты, сана

іс-әрекет мақсатын айқындайды, оған жетуге бағыттайды.

Ғалым келтірген осы алты сипаттаманың барлығы адамның экономикалық өмірінде орын алады, айталық:

- қоршаған ортамен сауда-саттық, тауар алмасу, ақшаны пайдалану т.б. көріп, сезініп эмпирикалық тұрғыда танып-біледі;
- маған не қажет, не қажет емес-деген пікірлер оны объекті мен субъектіні кәдімгі тұрмыстық деңгейде меңгертеді;
- қажет нәрсесіне қолы жету үшін не керек, соған қатысты сезім, уайым, эмоция туындайды;
- шығармашылық ізденіс арқылы қалағанына жету жолдарын қарастырады;
- бүгінгісі мен өткенін салыстырмалап болашақты болжайды, өз қалауына сәйкес моделін жасайды;
- осылардың барлығы жинақтала келе, оның іс-әрекет мақсатын, ол үшін шешу қажетті міндеттерін көрсетеді.

Осылардың барлығы сауатты, ұтымды болуы үшін кез-келген тұлғаға экономикалық білім керқажет екенін көрсетеді. Жай ғана әдеттегі емес, ғылыми негізді білімді саналы меңгеру арқылы ғана сындарлы ойлауға, сол негізде сыни ойлауға да мүмкіндік алады.

Сананың қоғамдық мәні-қоғамдық тұрмысты шығармашылық- белсенділікпен жасау жағдайында көрініс табады, сананың атқаратын қызметі болашаққа бағытталады. Қоғамдық сана, әртүрлі деңгейлерден тұрады: әдеттегі-тұрмыстық, теориялық, қоғамдық психологиялық, идеологиялық т.с.с. топтық және қоғамдық сананы зерттеген ғалымдар Шефер Б., Шредер Б. т.б. айтқандарын жинақтасақ, қоғамдық сана берілген қоғамдағы даму заңдылықтарына байланысты, сол қоғамдағы тұрмыстан алға озып кетуі, не болмаса кейін қалуы мүмкін [19].

Қоғамдық сана, ондағы үрдістердің қозғаушы күші не болмаса тежейтін тетігіне айналуы мүмкін. Бұл келіп қоғамдық сана формалары туралы сөз етуге итермелейді. Қоғамдық сана формалары дегеніміз- адамдардың іс-әрекеті нәтижесінде, олардың санасында объективті әлеммен қоғамдық

тұрмыстың әр түрлі формада көрініс табуы. Олар саяси, құқық, адамгершілік, діни, эстетикалық және олардың әрқайсысы ғылыми, моралдық, көркем әдебиеттік, діни т.б. Соның ішінде экономикалық сананың орыны ерекше. Адамның қоғамдық ортамен байланысының ондағы тәртіпке назар аударуы, соған сәйкес келуінің маңызы жайлы Кули Ч. [20], Рубинштейн С.Л. [21], Болотова А.К. [22], Вундт В. тағы басқада ғалымдардың еңбектерінен көруге болады [23].

Айтпақшы, болғанымыз, жеке тұлғаның, топтың, қоғамның экономикалық өмірін, ондағы экономикалық қарым-қатынастар, экономикалық тұрмысты бағалау, жеке адамның оған мәмілесі мен топтың, көпшіліктің көзқарастарын зерттеуде осы және басқа да психолог ғалымдардың еңбектерінің негізге алынғанын пайымдадық.

Методология. Экономикалық сана-бұл санадағы экономикалық білімді, теорияларды, әлеуметтік-экономикалық іс-әрекетпен қоғамдық қажеттенулерді тоғыстырып бағалау. Экономикалық сана, нақты тарихи шарттардың ықпалымен қалыптасады және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді ой елегінен өткізу арқылы айқындалады. Н.А. Журавлева бойынша экономикалық сана құрылымы:

- нақты және идеалды экономикалық нысандар туралы ұғым;
- экономикалық нысандарға мәмілесі, олар туралы пікірлері, ойлары, бағалауы;
- экономикалық нысандарға байланысты орныққан пікірлері, әртүрлі әңгімелер;
- экономикалық нысандарға байланысты саналы эмоциялары, сезім және уайымдар;
- экономикалық нысандарға байланысты әлеуметтік мүдделері;
- экономикалық - психологиялық құбылыстарды санаттарға бөлу және түсіндірмелеу т.с.с. [24].

А.Л. Журавлев және А.Б. Купрейченко экономикалық сананың құрамын келесідей анықтады [25]:

- тұлғаның, өзін экономика субъектісі ретінде түсінуі, қабылдауы;
- тұлғаның материалдық игілік, бай-

лық туралы түсінігі мен оның бай және кедей адамдарға болған мәмілесі;

- тұлғаның іс-әрекеттен түсетін кірімдер туралы түсінігі;

- тұлғаның жекеменшік иесі туралы түсінігі;

- тұлғаның әртүрлі экономикалық мінез-құлық формаларына байланысты әлеуметтік орнығулары (установка).

- тұлғаның ақшаға болған мәмілесі;

- экономика аумағындағы басқа адамдармен бәсекеге психологиялық дайын болуы;

- тұлғаның экономикалық құндылықтарға бағдарлануы.

Авторлар осылардың жиынтығын тұлғаның экономикалық санасының «экономикалық-психикалық сипаттамасы» ретінде қарастыруды ұсынады. О.С. Дейнека экономикалық сана элементтерін келтірген [26]. Олар:

- экономикалық нормалар мен мүдделер;

- экономикалық мотивтер;

- экономикалық аумаққа байланысты сезім мен әсерленуі;

- экономикалық ойлау;

- экономикалық ұғым, экономикалық аумақты қабылдау және сезіну.

Келтірілген пікірлерді жинақтасақ, экономикалық сананың құрамды бөлігінің бір тұсы экономикалық ойлау болуы керек. Экономикалық ойлау негізінде-күн сайынғы тұрмыста экономикалық байланыстар мен істер нәтижесінде туындаған көзқарастар мен түсініктер жатады. Экономикалық ойлаудың негізгі факторлары-жеке меншік шеңберіндегі субъектінің әртүрлі формадағы іс-әрекеті; өзара қарым-қатынастағы әртүрлі субъектілердің ықпалдастығы, мысалы, банк, кәсіпорындар, инвестиция қорлары т.б.; сапалық ерекшеліктері бар түрліше нұсқадағы байланыстардың қуаттылығы және олардың қайда бағытталғандығы мен күштілігі болып табылады. Тұлға үшін осы факторлар қаншалықты мәнді болса, субъектінің экономикалық ахуалдарға араласуы соншалықты терең болады да, ол өз кезегінде оның санасына әсер етеді.

«Экономикалық ойлау-экономикалық сананың көрінісі ретінде белгілі бір қоғамдық ахуалдарда өзгереді. Экономикалық сананың дамымаған түрінің белгісі-қарамақайшылықты, эмоционалды болуымен қатар оның экономикалық сана, дамуына ықпалы болмайды. Экономикалық ойлаудың қалыптасуына экономикалық білімнен гөрі, оның экономикалық практикаға әсер ететін тұсының ықпалы мол. Себебі ол тұлғаның мүддесіне қызмет етеді – деді Е.Н. Соколов [27]. Заманауи экономикалық ойлауды қалыптастыруда орнығып қалған әдеттер, дағдылар, пікірлерді жеңуге тура келеді. Олардың ең бастысы-жайбасарлық десек те, жаңалықтың негізі өткен кезеңдердегі тәжірибелерге табан тірейді де, олар кейде шешім қабылдауда, ескіше басқарудан байқалады.

Экономикалық сана қалыптастыру үшін белгілі бір шарттардың болуы сөзсіз, олар: *Бірінші шарт*, өркениетті нарықтық экономикаға бағытталған шынайы экономикалық жаңғыру. Мемлекеттіктен ажыратудың шынайы көрінісі, бәсекелестік орта жасақтау, орта және шағын бизнестің нығаюы, аграрлық сектордың жаңғыруы, нарықтық инфрақұрылымның кеңейіп дамуының әлеуметтік аумақты қоса нығайту, осылардың барлығы тұрғындардың қалың қатпарының адекватты экономикалық ойлауының қалыптасуына мүмкіндік береді. *Екінші шарт*, жүзеге асырылып жатқан экономикалық саясат арқылы экономикалық теорияның дамуы, экономикалық іс-әрекет субъектілеріне әртүрлі білім формалары да ықпал етеді. *Үшінші шарт*, көптеген білім ұйымдарында, БАҚ т.б. алған тұрғындардың экономикалық білімі (мұнда жалпы білім беретін мектептің мүмкіндігі өте кең). Дамыған елдерде (Ұлыбритания, АҚШ, Франция) мектеп оқушыларының экономикалық біліміне ерекше назар аударады. Себебі олар әрқашан, қаласа да, қаламаса да экономикалық қарым-қатынасқа енеді. *Төртінші шарт*, отбасындағы балалық шақтан басталатын экономикалық тәрбие. Заттарға, ойыншықтарға, отбасы бюджетін жоспарлауға қатысу, олардың экономикалық

құндылықтарының қалыптасуына әсер етеді және үнемдеу, ақшаны үнемдеп пайдалануға үйретеді.

Әрине кез-келген тұлғаның қандай да бір экономикалық ұғымы, түсінігінің қалыптасуы ғалым көрсеткен осы жағдайларда пайда болады. Бірақ олар көбінесе эмпирикалық болуы себепті сенімсіздік туындатуы мүмкін. Сондықтан кез-келген адамға жоқ дегенде элементарлы экономикалық білім қажет. Ол үшін экономикалық ұғымдар, түсініктер, ережелер, ұстанымдар т.б. қажет. Оларды ғалымдар экономикалық сана формалары түрінде көрсетті:

– экономикалық қатынастар субъектілерінің түсініктер, пікірлер, бағалауы, наным-былайша айтқанда жекелеген адамдар мен адамдар тобының, экономиканың даму заңдылықтарына, экономикалық құбылыстардың мәніне, олардың шығу себептері мен салдары арасындағы байланыстар, сондай-ақ, экономикалық үрдістердің мәнін, экономикалық әдістер және заңдылықтарды ашатын ғылыми білім – экономикалық сананың когнитивті тұсы;

– адамдардың іс-әрекеті мен қылықтарын реттеп тұратын құндылықтар мен нормалар бұл-экономикалық сананың ырықтылық құрамы.

– болашақ шаруашылық іс-әрекетінің нәтижесін көрсететін мақсаттар мен орнығулар экономикалық мүдделер-бұл да экономикалық сананың ырықтылық құрамы;

– шаруашылық және басқаларда тиімді шешім қабылдауға негіз болатын талғам, жағымды тұстары, көңіл-күйі, эмоция-бұл экономикалық сананың эмоционалды құрамы.

Экономикалық білім-экономикаға қатысты теориялар, ереже, анықтама, ұстанымдар, санаттар, формулалар, кестелер, суреттер, гистограмма, үлгілер, сызбалар т.б. Экономикалық білім-келтірілгендерді есте сақтап, оларды іс-тәжірибеде, нақты экономикалық ахуалдарда пайдалану және сол негізде жаңа білімдерді меңгеру.

Экономикалық түсінік-экономика қалай қызмет етеді?, субъективті экономикалық бейне қалай пайда болады?, былайша

айтқанда адамның не болмаса әлеуметтік топтың экономика құбылыстарын қабылдауы, түсінуі, олардың мәнін ұғыну, экономикалық ұғымдар, санаттар, теорияларды, меңгеру және шынайы тұрмыстағы көріністерімен салыстырмалау сол арқылы, өзінің экономикалық іс-әрекетін жүзеге асыру.

Элементарлы экономикалық білім әр адамға, соның ішінде өсіп келе жатқан жас ұрпаққа не үшін қажет?

Қоғамның әр мүшесі экономикалық қатынасқа енбей тұра алмайды. Айталық күнделікті ұсақ-түйек сауданы да сауатты жүзеге асыру. Қазіргі заман да барлығы алу-беру, сауда-саттыққа келіп тіреледі. Оны сауатты жүзеге асыру дегеніміз-алушы да, сатушы да зиян шекпеуі. Бұл үрдісте келісімге келу, мысалы саудаласу, өзара пікір алмасу, қолында барын қорғау, оны еселеп көбейту т.с.с. Бұған өсіп келе жатқан жас ұрпақты үйрету, білім беру арқылы даярлау, басқаша айтқанда экономикалық сананы білім, тәрбие арқылы қалыптастыру. Қоғамның әр мүшесі өз мүддесін қорғауға дайын болуы маңызды.

Экономикалық қатынастардың субъектілері қанша болса, оның мүдделері де соншалықты көп, әртүрлі, саналуан. Жеке экономикалық мүдде жеке адамның әртүрлі қажеттенулерін қанағаттандыруды білдіреді. Олар-еңбек ұжымының мүддесі; қоғамдық мүдде ретінде келтіріледі. Экономикалық сана көпшілік, топтық, жеке тұрғыда көрініс табады. Көпшілік экономикалық сана нысаны-көптеген адамдар үшін маңызды, туындаған экономикалық сұрақтар мен мәселелер.

Қоғамдық экономикалық сана құрылымының элементтері:

- экономикалық білім;
- әлеуметтік-экономикалық тұрмыс және оған болған мәміле;
- экономикалық іс-әрекетті бағалау; әртүрлі әлеуметтік топтардың қимыл-қаракеті;
- экономикалық сана шынайы тұрмысты бағалайды және нақты қажеттенулеріне байланысты оларды өзгертеді.

Экономикалық сана-құрылымында теориялар, ғылыми түсінік, экономиканы әдеттегіше бағалауды қамтиды. Сонымен қатар экономикалық сана-көрген, білгенін, естігенін, сезінгенін, ойлағаны мен басынан өткендерін өзара әп-сәтте байланыстырады.

Көпшілік экономикалық сананы мына үш нәрсе айқындайды:

- 1) Экономикалық жүйені бағалау, оған ықпал ету мүмкіндіктері мен үміттенулері;
- 2) Ірі топтардың экономикалық таңдауларының негізінде жататын әлеуметтік-экономикалық құндылықтары, мысалы, тұрақтылық, теңдік, әділдік т.с.с. көпшілікке пайдалы.
- 3) Елдегі, өлкедегі немесе шағын өндірістегі жылдам өзгеріп тұратын экономикалық жай-күйге байланысты ойлармен қалау-тілектері.

Топтық экономикалық сана-ұйымдасқан нақты адамдар тобының экономикалық белсенділігінің бағыттарын айқындайтын ой-пікірлері және түсініктерінің, мысалы, тұрғындардың белгілі бір қатпары немесе таптың жиынтығы.

Е.С. Шибанова [28], В.А. Хащенко пікірі бойынша экономикалық сананың құрамы мыналардан тұрады [29]: 1) Адамның өзін экономика субъектісі ретінде ұғынуы, экономикалық мәртебесі, өзін экономика қатысушысы ретінде сезінуі, экономикалық сұрау-талаптары, кірімдерін көбейту мүмкіндіктерін түсінуі, істегі табыстылығын бағалауы; 2) Байлық туралы түсінігі, экономикалық игілігі, кірістер көрсеткіштері; 3) Байлар мен кедейлерге мәмілесі; 4) Ақшаға болған мәмілесі, өмірдегі ақшаның қызметі, оған қажеттенуі; 5) Тұлғаның жекеменшікке болған мәмілесі, мысалы, оған ие болуды қалау дәрежесі; 6) Бәсекелестікке мәмілесі, басқалармен жарысуға психологиялық дайындығы; 7) Әртүрлі экономикалық мінез-құлыққа болған тұлғаның әлеуметтік орныулары мысалы, тұтыну, үнемдеу, іскерлік, салым салу, қайырымдылық; 8) Адамның экономикалық құндылық бағдары.

Басты мәселе осы экономикалық сананы алдымен жеке тұлғада қалыптастыру жолдарын қарастыру. Осыған орай топтық және

көпшілік сананың да маңызын зерделеу. Бұл ретте О.С. Дейнека өзінің «Экономическая психология» еңбегінде «көпшілік және жеке-леген топтар санасының жай-күйі қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси қайта құрылуының алғы шарттары деуге болады» – дейді [30].

Эмоционалды құрам-экономикалық құбылыстар, үрдістер және адамның оларды өзіне қатысты бағалауына қатысты психикалық үрдістермен байланысты-уайымдап, толқуы.

Мотивациялы-ырықтық аумағы-мотивтер былайша айтқанда себептер мен салдары, мүддесі, субъектінің қажеттенулерінің мақсатқа жету қабілетімен тұтастықта немесе санадағы мақсатқа жету жолындағы белсенділігі мен қабілеттілігі. Шынайы тұрмыста экономикалық сананың бұл құрылымдық құрамдары өзара тығыз байланыста болып тұтас адамның іс-қимылын, мінез-құлқын айқындайды. Бұлармен қатар тұлғаның экономикалық санасын зерттеушілер (О.С. Дейнека, А.Л. Журавлев, Ю.М. Забродин, А.Д. Карнышев, А.И. Китов, С.В. Ковалев, А.В. Филиппов), тұлғаның экономикалық санасы – мемлекеттің, кәсіпорындардың, үй шаруашылығының экономикалық іс-әрекетіндегі тұрақты қасиеттері мен заңдылықтарын жалпылама бейнелеу формасы, соның нәтижесінде «экономикалық әлеумет» туралы ішкі модель пайда болады. Сол модель арқылы тұлға өзінің экономикалық іс-қимылдарын қайта құрады.

Зерттеудің мәні жастардың экономикалық санасының құрылымдық, мазмұндық және үрдістік элементтерін айқындау, психологиялық-педагогикалық тетіктері мен сананы замануы экономикалық іс-әрекет талаптарына сәйкес трансформациялау бағдарламасын жасау-деп белгіледік.

Экономикалық сана қалыптасқанының көрсеткіштері: өндіріс мәселелерін шешуге қатысуы; еңбек үрдісіне ықпал ету қабілеті жеке және қоғамдық мүддені ұғынуы; шаруашылықты жаңа жағдайларда жүзеге асыруға өтуге дайындық дәрежесі;

Экономикалық сананың қалыптасқанды-

ғы тұлға ретінде жеке адамның және әлеуметтік топтың шығармашылық әлеуетінің ашылуына мүмкіндік береді; тұлғаның жеке әлеуетінің құрылымын келесідей құндылық бағдарлардан көруге болады:

– экономикалық білім, экономикалық іс-әрекетке бейімділік нышандарының байқалуы;

– бағалауы-қоғамда орын алып отырған еңбекке болған мәміле нормаларын;

– мақсат-экономикалық өмірдің даму бағыттарын анықтауға болған тұғыры;

– мақсатқа жету құралдары; мотивациясы немесе қозғаушы күштер;

– шешім қабылдауда еңбекшілердің шығармашылық әлеуетін ескеру;

– жастарда қазіргі күн талаптарына сай, сапа жағынан жаңа экономикалық сана қалыптастыру, жеке мүдделерін дұрыс бағдарлау құралдарымен жолдары;

– салғырттыққа жол бермеу;

Экономикалық сананы трансформациялау мына мәселелерді алға тартады: 1) Объективті тұрмыстық шарттарды өзгерту; экономикалық мәмілелер жүйесі; 2) Оқу және тәрбие құралдары арқылы адамдардың санасына ықпал ету; 3) Кез-келген формадағы экономикалық насихат түрлерін пайдалану.

Жоғарыда келтірілген авторлардың еңбектерінің негізінде мынадай пікір түйіндеуге жол ашылды:

Экономикалық сана құрылымында бірнеше құрамды анықтауға болады. Олар: когнетивті, эмоционалды-мотивациялы, іс-әрекеттік-ырықтылық.

Мұндағы когнетивті дегеніміз-танымдық қабілет, таным үрдісі және таным іс-әрекетінің нәтижесін қамтиды. Біз мұны когнетивті-білімдік-деп белгіледік. Өйткені, экономикалық танымның құрамды бөлігі-экономикалық білім болуы тиіс.

Когнетивті-білімдік құрам: қабілет-білімді қабылдауы, таным үрдісі-білім алу үрдісін жүзеге асыруы, таным іс-әрекетінің нәтижесі-экономикалық білімінің қалыптасуы. Олар: экономикалық ұғымдар, түсініктер, ережелер, ұстанымдар.

Эмоционалды-мотивациялы: уайымдап, толқуы, мотивтер былайша айтқанда

себептер мен салдарын пайымдауы, байланысты көре алуы, мүддесінің орындалуы не орындалмау жағдайындағы көңіл-күйі, қажеттенулеріне қабілетінің жауап беруі, жігері, белсенділігі; ұмтылысы, құлшынысы, қанағаттануы немқұрайдылығы, салғырттығы, тайсалмауы;

Іске-қанағаттанбауы, істі қайта бастауға ынтасы; қайталауы, жігері; әрекеттік-

ырықтылық: іс-әрекет түрі, ұйымдастыруы; жүзеге асыру амал-тәсілдері, құралдары; мерзімі; мүддесі, субъектінің қажеттенулерінің мақсатқа жету қабілетімен тұтастықта немесе санадағы мақсатқа жету жолындағы белсенділігі мен қабілеттілігі (№1 – Кесте).

№1 кесте

Тұлғада экономикалық сананың қалыптасқандығының өлшемдері мен көрсеткіштері

Құрамы	Деңгейлері	Көрсеткіштері
1	2	3
Когнитивті-білімдік	Жоғары	Экономикалық терминдер, ұғымдарды орынды қолданады, олардың мағынасын түсіндіре алады; экономикалық ахуалдарды, жағдайларды дұрыс талдайды; шығындарды өздігімен рационалды жоспарлай алады; шынайы өмірде экономикалық білімін шығармашылықпен қолдануға қабілетті; экономикалық мәселелерді шешуде логикалы ой жүргізе алады.
	Орташа	Экономикалық терминдер мен ұғымдарды өздігімен түсіндіре алмайды; мұғалімнің көмегімен экономикалық ахуалға талдау береді; мұғалімнің көмегімен экономикалық білімін іс-жүзінде қолдана алады; қарапайым экономикалық есептерді пән көлемінде іске асырады.
	Төмен	– теориялық білімі жеткіліксіз, экономикалық ахуалды өздігімен талдай алмайды; өз шығындарын ұтымды жоспарлай алмайды; экономикалық білімі мен іс-әрекетін ұштастыра алмайды; қарапайым экономикалық есептерді орындай алмайды.
Эмоционалды-мотивациялық	Жоғары	– уайымдап, толқуы, мотивтері былайша айтқанда қозғаушы күштері, түрткілері, қажеттенулерін қанағаттандыра алады, жігері мықты, белсенділігі жеткілікті, ұмтылысы, құлшынысы, қанағаттануы толыққанды, істі қайта бастауға ынталы, тайсалмайды.
	Орташа	– уайымдап, толқуы, мотивтері былайша айтқанда қозғаушы күштері, түрткілері, қажеттенулерін қанағаттандыра алмауы, жігерінің орташа, белсенділігі мен ұмтылысы жеткіліксіз, құлшынысы төмен, қанағаттануы толыққанды емес, қанағаттанбауы басым, істі қайта бастауға ынтасыз; немқұрайдылығы мен салғырттығы көбірек.
	Төмен	– уайымдап, толқуы, мотивтері былайша айтқанда қозғаушы күштері, түрткілері, қажеттенулерін қанағаттандыра алмауы, жігері төмен, белсенділігі төмен; ұмтылысы, құлшынысы, қанағаттануы не қанағаттанбауы салғырт, істі қайта бастауға ынтасы жоқ; қайталауы тез қайтып қалады, жігері төмен; немқұрайдылығы, салғырттығы басым.

1	2	3
Іс-әрекеттік-ырықтылық	Жоғары	– мақсатын жүзеге асырады, ол үшін қажетті амал-тәсілдерді істей алады, толық біледі; шаруашылық іскерлік-күнделікті тұрмыстық қажеттерді өз уақытында өтейді, күнделікті қажеттенулерін толық қанағаттандырады, тұрмыстық-коммуналдық төлемдерді есептеу, басқа адамдардың іс-әрекет тәжірибесін білуі, басқалардан үйренуге ынтасы; табандылығы жеткілікті, қолға алған ісін соңына жеткізеді.
	Орташа	– мақсатын жүзеге асыруда белсенді, ол үшін қажетті амал-тәсілдерді істей алады, толық білмейді; шаруашылық іскерлік-күнделікті тұрмыстық қажеттерді өз уақытында өтемейді, күнделікті қажеттенулерін толық қанағаттандыра алмайды, тұрмыстық-коммуналдық төлемдерді есептеу, басқа адамдардың іс-әрекет тәжірибесін білуі, басқалардан үйренуге ынтасы; қолға алған ісін соңына жеткізе бермейді.
	Төмен	– мақсатын жүзеге асыруға ынталы бола бермейді, ол үшін қажетті амал-тәсілдерді толық меңгермеген; шаруашылық іскерлік-күнделікті тұрмыстық қажеттерді өтейді, күнделікті қажеттенулерін қанағаттандыруда салғырттық танытады, тұрмыстық-коммуналдық төлемдерді есептеуді іске асыра алмайды, басқа адамдардың іс-әрекет тәжірибесін білуге ынтасы жоқ, басқалардан үйренуге ынтасы жеткіліксіз; қолға алған ісін соңына жеткізуге ынтасыз.

Когнитивті білімдік: Төмен деңгей: теориялық білімі жеткіліксіз; экономикалық ахуалды өздігімен талдай алмайды; өз шығындарын ұтымды жоспарлай алмайды; экономикалық білімі мен іс-әрекетін ұштастыра алмайды; қарапайым экономикалық есептерді орындай алмайды;

Орташа деңгей: экономикалық терминдер мен ұғымдарды өздігімен түсіндіре алмайды; мұғалімнің көмегімен экономикалық ахуалға талдау береді; мұғалімнің көмегімен экономикалық білімін іс-жүзінде қолдана алады; қарапайым экономикалық есептерді пән көлемінде іске асырады.

Жоғары деңгей: экономикалық терминдер, ұғымдарды орынды қолданады, олардың мағынасын түсіндіре алады; экономикалық ахуалдарды, жағдайларды дұрыс талдайды; шығындарды өздігімен рационалды жоспарлай алады; шынайы өмірде экономикалық білімін шығармашылықпен қолдануға қабілетті; экономикалық мәселелерді шешуде логикалы ой жүргізе алады.

Экономикалық сана-маңызды экономикалық ахуалдарда адамның мінез-құлқын рет-

теп отыратын күрделі құрылымдық құрам. Егер экономикалық сана-қоғамның, топтың және жеке санадағы әлеуметтік шындықты көрсететін экономикалық білім, түсінік және қатынас болса, онда экономикалық білім, түсінік қатынас-деген ұғымдарды айқындап алу керек болады. Бұл жастардың экономикалық сана ерекшеліктерін талдауға теориялық негіз бола алады.

Тұлғаның экономикалық санасын қалыптастыру мыналарға табан тірейді: тұлғаның экономикалық іс-әрекетте дамуы, жеке тұлғаға тән мотивтері, мақсаты, оларды реттеу жүйесі. Жастардың экономикалық іс-әрекетке дайындығын қалыптастыру әдістемесі кешенді жұмыстарды қажетсінеді: дайындық деңгейі мен құрылымын диагностикалау, экономикалық маңызды нәтижеге жету үшін қажетті өз ерекшеліктерін танып-білуі; өзінің экономикалық іс-әрекетінің мәнін пайымдап ұғынуы; нарықтық ортаға қатысты білімін талдау және түзетулер ендіру; тұлғаның бойындағы ресурстарын бағдарлау және жинақтауға бағытталған тренингтерді жүзеге асыру.

Оқу білім алу барысында қалыптасатын экономикалық-құқықтық білімі шындықты көрсете бермейді немесе шындықты бұрмалап көрсетуі мүмкін. Олардың экономикалық білімін, формалды және заманауи нарықтық экономикалық жағдайларын анық көрсете бермейді. Жастардың өзін экономикалық жүзеге асыруы, олардың экономикалық өзін жүзеге асырудың құрылымдық-логикалық үлгісін дұрыс жасай алмайтынын көрсетті, атап айтсақ, мақсатқа, мотивациясына, іс-қимыл тәсіліне сәйкес келмейтіні байқалды.

Экономикалық сана қалыптастырудың алғышарттары: экономикалық қатынастар және олардың өзара байланысының маңызын танып-білу; көпшілік санасына теориялық білімді сіңіру; бір мезетте нақты экономикалық және дерексіз ойлауды дамыту; адамдардың өмірлік басымдықтарын айқындап және олардың өмір салтын ұғындыру; экономикалық сананың жетілгендігін талдап көрсетуді; экономикалық қатынастардың даму деңгейі шаруашылықты жүргізуді жетілдіруі.

Экономикалық сана қалыптастыру тетіктері: шаруашылық іскерлік, еңбек іс-әрекетінің әлеуметтік бағдарлануы; өзін-өзі басқаруға ұмтылысы; экономикалық білім; экономиканың санаттары мен заңдылықтарын білуі; оларды жүзеге асыру формаларымен практикалық іс-әрекеті; экономикалық білім мен өндірісті ұйымдастыруды білуі; басқа ұжымдардың іс-әрекет тәжірибелерін білуі. В.Ф. Васеленко экономикалық сана құрылымы өте күрделі, әрі көпқырлы дей келе, оны екі мәнде қарастырады [31]. Олар мыналар: тұрмыстық-тәжірибелік және теориялық.

Тұрмыстық-тәжірибелік – бұл күнделікті құбылыстарға байланысты болып оның теориялық маңызына үңілмейді. Тұрмыстық-тәжірибелік сана-адамдар арасында кең тараған көпшілік сана, оның негізінде адамдардың күнделікті қажеттенулері сұрау-талаптары жатады. Осы тұрмыстық сана деңгейі, объективті шындықты көрсетеді. Ол экономикалық шындықты түйсініп сезінуге мүмкіндік береді. Тұрмыстық экономикалық сана, маңызды қажеттену-

лерді қанағаттандыру мүмкіндіктерін көрсетеді. Бұл деңгейде елдегі экономикалық құбылыстар, үрдістер, нарықтық реформа жайлы пікірлер, тұрмыстық-коммуналдық төлемдердің өзгеруі, қызмет көрсетудегі баға өзгерістері, жұмыссыздық, салық және зейнетақыдағы реформалар және басқа да әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар.

Экономикалық сананың қалыптасуына ұлттық менталитеттің де әсері бар. Қазақ халқының ұлттық экономикалық менталитетін «кең болсаң, кем болмайсың» немесе «өле жегенше, бөле же» дегені білдіреді. Десек те, қазіргі экономикалық ахуал бұл пікірлерден аулақтатуда. Экономикалық сана қалыптасуына қоғамдық пікірлердің де ықпалы мол. Өйткені онда адамдардың ойы мен сезімі, экономикалық құбылыстарды сынайды, талқылайды, өз қатынастарын білдіреді.

Қазіргі көпшілік экономикалық сана әртүрлі және саналуан. Өйткені халықтың белгілі бір бөлігі жаңа құндылықтарды қабылдап нарықтық жағдайға көндіксе, кейбірлері бұрынғы ахуалды қолдайды, мысалы, шаруашылықты орталықтандыруды, ұйымдасуды. Десек те экономикалық іс-әрекеттің сипаты, тұрмыстық сананың даму деңгейіне байланысты

Көпшіліктің экономикалық санасы қарама-қайшылықты және біркелкі емес. Мұндай жағдайда экономикалық білімді болу аса маңызды. Өйткені сол арқылы өндірісті басқару, экономика саясатты сауатты жүзеге асыруға қатыса алады. Экономикалық білім, шаруашылықты ойластыру мәдениетін арттырады, экономикалық мәселелерді шешуге өндіріс резервтерін табу оны пайдалануға мүмкіндік береді.

Экономикалық сананың бір деңгейі экономикалық психология. Экономикалық сананың психологиялық деңгейлері. Бұл экономиканың психологиясы-әлеуметтік психологияның құрамды бөлігі ретінде белгілі қоғамға және ондағы жекелеген топтар, ұлттар, таптардың сезім, көңіл-күй, салт-дәстүр, қозғаушы күштері ретінде анықталады.

Экономикалық психологияның құрамы:

– жағымды-жағымсыз экономикалық эмоция, еңбек үрдісі себепті, не болмаса са-ту-алу т.б. туындаған;

– көңіл-күй-елдегі экономикалық, материалдық игілікке, ахуалға байланысты, енжарлық, түңілу, мазасыздану, қиялдану т.с.с.;

– заттарға, тауарларға, өнімдерге байла-нысты саналы және пайымдалған талғамы, талдауы, әдеті және нышандары;

– экономикалық тәжірибеге ие болу тетіктерінде байқалатын үнемі өзгеріп тұратын әлеуметтік өмірді тұрақтандыратын салт-дәстүр және дағдылар;

– аңыздар және елестер, рәміздер мен белгілер. Мысалы, «Қазақстанның жерасты байлығы таусылмайды»-деген, секілді.

– адамның санасы мен іс-қимылындағы санасыз элементтер, тартыншақтық, ин-стинкт, тілектерінің экономикалық санаға ықпалы қуатты; мысалы, тұрақты мотивтері;

– ырықтылық, қалау, тұлғаның күш жұмсайтын бағыты, белсенді әрекеттері.

Экономикалық сананың тағы бір құрам-ды бөлігі-теориялық деңгей. Теория дегеніміз – түсініктер, идеялар, көзқарастар, мақсаты-үрдістер мен құбылыстарды ұғындырады, түсіндіреді. Теория-жүйелі білім болып оның құрамдары бірінен-екіншісі келіп шығатын және өзара тығыз байланысты пікірлер, ой-қорытындылар, ұғымдар т.б. Экономикалық теория және оның міндеттері-нақты құбылыстарды, ин-ституттарды, экономиканың даму тенден-циялары мен заңдылықтарын танып-білу. Қоғамның экономикалық өмірі, мақсаты мен міндеттері, маңызы туралы жүйеленген білім. Экономикалық теория-ғылыми білім ретінде мемлекеттің экономикалық саясатын жасауға бағытталады, елді дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясын негіздейді. Экономикалық сананың көзқарас тұрғысынан өлшеуде идеологияның маңызы зор.

Экономикалық сананың трансформация-ланғанын бағалауда мыналарды негізге алуға болады:

1. Нарықтық экономика негіздерін білуі;

2. Экономикалық іс-әрекет шарттары ту-ралы түсінігі;

3. Экономикалық іс-әрекетке психология-лық дайындық туралы түсінігі;

4. Өзін экономикалық жүзеге асыру тәсіл-дері туралы түсінігі;

5. Экономикалық іс-әрекетке мәмілесінің (отношение) модулі;

Қоғамдық және жеке экономикалық сананың трансформациясына идеоло-гия ықпалының қуаттылығын ескермеске болмас. Себебі ол қозғаушы күш ретінде қоғамның әр мүшесінің санасында, түпкі санасында әрқашан орын алып, үнемі жетелейді, ұмтылуына түрткі беріп, іс-қимылы, іс-әрекетінің астарында тұрады.

Экономикалық идеология дегеніміз-экономикаға қатысты көзқарастар реті, жүйеленген көзқарас, онда танымдық, нормативтік, рәміздік элементтері орын ала-ды. Экономикалық идеология, құндылықтар туралы түсінік, қоғамдық-экономикалық идеал. Сананың экономикалық трансфор-мациясы кезінде бұлардың барлығы мазмұн жағынан жаңғырып, өзгеріп отыруына тура келеді. Себебі қоғамның даму заңдылықтары бұған түрткі беріп, қозғау салады. Олай болмаған күнде сана иесі адамның тұрмыс-тіршілігі қайшылықтарға, сәйкессіздікке соқтырады да бұл өз кезегінде тоқырауға ұрындырады.

Сана трансформациясының талаптар-ының бірі, экономикалық еркіндік былайша айтқанда тұлғаның өзгермелі экономикалық жағдайда толайымды өмір сүруге, өз орынын табуға бейімділігі. Сондағана ол материалдық теңдікке қол жеткізеді. Экономикалық иде-ология, әртүрлі шаруашылық саласындағы іс-әрекет бағдарламасы, жоба түрінде көрінеді. Оларда мақсаты, бағыттары және жүзеге асыру тәсілдері белгіленеді. Қоғамдық-идеологиялық санада бірқатар тұжырымдамалар болды. Олар: консерва-тизм, либерализм, демократизм, социализм.

Жеке экономикалық мүдде – жеке адамның әртүрлі сұрау-талаптарын қанағаттандыру қажеттігі; ұжымдық экономикалық мүдде-еңбек ұжымының сұрау-талаптары; қоғам-дық экономикалық мүдде-қоғамның сұрау-талаптар жиынтығы.

Экономикалық сана көпшілік, жеке, топтық болып бөлінеді. Көпшілік экономикалық сана нысаны-көптеген адамдар үшін маңызды экономикалық сұрақтар мен мәселелер және олар үш топпен анықталады:

1. Экономикалық жүйеге өздерінің ықпал ету, бағалау мүмкіндіктері;

2. Көптеген адамдар тобының әлеуметтік-экономикалық құндылықтары олардың таңдауларының негізін қалайды, Мысалы, тұрақтылық, теңдік, барлығына бірдейлік, пайдалы, экономикалық, әлеуметтік әділдік;

3. Елдегі, өлкедегі, кәсіпорындағы экономикалық жай-күйді бағалауға байланысты, өзгеріп тұратын ойларымен руханияты.

Топтық экономикалық сана, белгілі бір ұйымдасқан адамдар тобының ойлары, түсініктері ретінде олардың экономикалық белсенділігі мен бағытын анықтайды. Мысалы, әлеуметтік тап, тұрғындардың белгілі бір қатпары.

Жеке экономикалық сана-жеке тұлғаның ерекше сапасы ретінде экономикалық белсенділігі мен бағытын, экономикалық ахуалды (ситуация) қабылдай алатын, оны бағлау және мақсатты іс-қимылға баруы.

Экономикалық сана қалыптастырудың басты ұстанымдары (принцип)-теория мен тәжірибенің тұтастығы. Адамдардың мүдделерін ескеру, әр адамның экономикалық мүддесін дұрыс бағыттау, адамдардың салғырттығына жол бермеу және кедергілерді жою. Шаруашылық іскерлік, еңбек іс-әрекетінің әлеуметтік бағыты, өзін-өзі басқаруға ұмтылысы.

Экономикалық сана қалыптастырудың психологиялық сипаттамасына келетін болсақ, ол адамның құндылықтар жүйесі, құндылық бағдары, жан-дүниесінің жай-күйі, рухани әлемі, ең бастысы ар-ұяты былайша айтқанда адамгершілік қасиеттері. Адамдардың экономикалық мінез-құлқын шынайы өмір мен сананың күрделі ықпалдастығы айқындайды. Өйткені бұлар оның құндылықтарының қалыптасуына әсер етеді. Керісінше қалыптасқан құндылықтар, сана құрамы ретінде, көпжағдайда шынайы өмірді қабылдауына негіз болады. Ғалымдар М.К. Бункина және В.А. Семе-

новтар «адамның экономикалық санасының қалыптасуына тұрмыстағы уайымы, жинақтаған тәжірибелері, қиыншылықтарды жеңуі негіз болады» – деген.

Трансформация туралы пікір 1944 жылы америкалық ғалым Карл Поланьидің «Ұлы трансформация» деп аталатын тарихи және экономикалық зерттеуінде айтылды [32]. Онда капитализмның саяси және әлеуметтік аяққа тұруы мен даму үрдісі келтірілген. Карл Поланьи мұнда нарықтық экономика мен ұлттық мемлекетті тұтас қарастыру қажет екенін айта келіп, оның туындауы дәстүрлі әлеуметтік тәртіпті бұзатынын алға тартып-оны «нарықтық қоғам» не болмаса «қоғамдық нарық» – деп қарастыруды ұсынды. Экономикалық іс-әрекет қашан да әлеуметтік қатынастар мен тығыз байланысты екенін атап көрсетті.

Экономикалық сананы трансформациялау мәселесі әлеуметтану, экономика, философия, гносеология тағы басқа ғылымдар тұрғынан зерттеліп келеді. Оларда экономикалық сананың келіп шығу тегі, болмаса, экономикалық сана мен ойлаудың арақатынасы және оның нәтижесі, экономикалық тәжірибені трансформациялау, әлеуметтану тұрғысынан жуықтап, әлеуметтік субъектіні экономикалық сана иесі ретінде қарастырған ғалымдар баршылық.

Алматыда өткен «Трансформация экономической и политической системы казахстан и Польши: сравнительный анализ» – деп аталатын дөңгелек үстелде Г.Қорғанбаева Қазақстанның экономикалық жүйесін трансформациялау туралы айта келіп, 10 жыл аралығындағы қазақстандағы ахуалға тоқталған [33]. Онда автор Қазақстан экономикасының трансформациялану кезеңдерін атап көрсетті. Д.В. Ольшанский «Трансформация человеческого сознания» еңбегінде қоғамның бір сапалық жай-күйден екіншісіне өту – қоғамдық мәселе екенін айта келіп, ол үшін жағдай туындату қажет екенін атап көрсетті [34]. Ол «экономика негізін демократияландыру: нарық пен меншікті мемлекеттен арылту; әртүрлі пікірлерге жол беру, жекеменшік түрлеріне

жол беру; министрліктер монополиясын жою т.с.с. Әлеуметтік даму үрдісінің күрделі тұсында біртіндеп демократиялық санаға өту арқылы ғана өмірдің бұрынғы формасынан жаңасына көшуге болады. Өмірдің бұрынғы формасын қайта құру арқылы ғана демократиялық санаға өтуге болады – дейді Ольшанский-аударған. Халитова М.»

Пікір алмасу. Бүгінгі бала ертеңгі жас, өсіп келе жатқан қоғам мүшесі. Өзі өмір сүріп жатқан қоғамға сәйкес келуінің бір тұсы саналы экономикалық қатынастар орната білуі. Зерттеуіміздің басты пікірі, мектеп жасына дейінгі ұйымдарда экономикалық тәрбиені жүзеге асыру, мектепте бастауыш сыныптарда экономикалық таным жұмыстарын іске асыру. Сол арқылы балаларды өздерінің күнделікті тұрмыстағы экономикалық қатынастарын сауатты жүргізуге үйрету. Бастысы оларды, өзінің жеке бюджетін жоспарлауға, табысын еселеу, сақтау, қорғау, ақшаға болған мәмілесін сауатты жүргізуіне негіз қалау. Ақша мен байлық бәрінен жоғары болып тұрған мына заманда балалардың соларға құнығып кетуден қорғау қажеттігі бар. Басты пікірімізге байланысты алдымен мектепке дейінгі ұйымдардың жұмыс бағдарламасына қатысты ондағы педагогтардың ойларын келтіреміз.

Нәтижелер.

1. Кіші жастағы балаларды сөз түсінетін болған кезден бастап үнемдеудің кейбір элементтеріне үйретуге болады. Бірақ мектепке дейінгі ұйым бағдарламасына экономикалық тәрбие енгізілмеген.

2. Экономикалық тәрбие нәтижелі болады, егер бұған отбасы мүшелері араласып, балаларды үйде үнемшілдікке үйретсе.

3. Мектептегі бастауыш сынып оқытушылары «Өзін-өзі тану» сабағында, тәрбие сағаттарында балаларды үнемшілдің элементтеріне үйретуге болатынын айтты.

4. Бастауыш сыныпта өтетін тәрбие сағаттарында, ата-аналармен жұмыста балаларды үнемшілдікке тәрбиелеу жұмыстарын жүзеге асыруды насихаттау мүмкіндігі бар екенін атап айтты.

5. Ортаңғы сыныптарда сабақ беретін пән мұғалімдері «өзін-өзі тану», «тарих», «гео-

графия» т.б. пәндерді оқытуды экономикалық білімнің мүмкін болған элементтерімен таныстыруға болатынына назар аударды. Арнайы тәрбие сағаттарын ұйымдастыру керек екенін айта келіп, бұған мән берілмей келе жатқанын баса көрсетті.

6. Жоғары сыныптарда арнайы экономикалық таным семинарларын ұйымдастырып балаларды қоғамдағы экономикалық ахуалдармен таныстырып, күнделікті тұрмыста үнемшілдікке үйретуге болатынына тоқталды.

Қорытынды. Экономикалық сана қалыптастыру және оны трансформациялауға қатысты зерттеулерді негіздей келе, аңғарғанымыз, осы заманда әр жеке адамға элементарлы экономикалық білімнің қажет екендігі. Элементарлы білімге ие болу нәтижесінде қоғам мүшелері өзара экономикалық қарым-қатынасты сауатты жүргізуіне, өз мүддесі, ұжым мүддесі, қоғам мүддесін ажырата білуге үйренеді. Әлемнің екінші ұстазы әл-Фарабидің «сен өмір сүрген қоғам бақытты болса, сен де бақыттысың» – дегенін қаперде тұту маңызды.

Біз жасаған экономикалық сана қалыптасқандығының өлшемдері мен көрсеткіштерін негізге ала отырып, жастар мен балалардың экономикалық сауаттылығын қалыптастыру. Экономикалық сананың трансформациялану мүмкіндіктерін қарастыру.

Ұсыныс. Мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие бағдарламасының мүмкін болған бөлімдеріне «үнемшілдікке тәрбиелеу» элементтерін ендіру мүмкіндіктерін қарастыру.

Бастауыш мектеп, ортаңғы сынып, жоғары сыныптарға арналған экономикалық сауат ашу семинарлары не болмаса курстарының бағдарламасын жасау және іске қосу жолдарын іздестіру. Бірақ та, тұлғаның экономикалық бәсекелестікке дайындығы, оның белгілері зерттеуді қажетсінеді. Сонымен бірге экономикалық сананың қалыптасуына ұлттық болмыс пен кейбір ерекшеліктердің де әсерін зерттеу маңызды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- [1] Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы, – Т.2. – Алматы: – Жазушы, 2005. – 335 б.
- [2] Құтпанбаев Ә. Жастарға экономикалық білім беру негіздері //Қазақстан мектебі, – 2001. – №10. – Б.17-21.
- [3] Жанбөбекова М.З. Ұлттық мектептерде экономикалық білім беру. – Алматы, 2000. – 24 б.
- [4] Тұрсынбаева С. Бастауыш сынып оқушыларының экономикалық тәрбиенің психологиялық–педагогикалық негізі //Абай ҚазҰПУ Хабаршысы, – 2006. – №1. – Б.35-38.
- [5] Михайлова Ф.Т. Общественное сознание и самосознание индивида. – М.: Наука, 1990. – 222 с.
- [6] Спиркин А.Г. Сознание и самосознание. – М.: Политиздат, 1975. – С.35-45.
- [7] Дубровский Д.И. Природа человека, массовое сознание и глобальное будущее //Философские науки. – 2013. – №9. – С.5–14
- [8] Фрейд З. Введение в психоанализ: Лекции / З. Фрейд. – М.: Наука, 1989. – 403 с.
- [9] Кули Ч. Человеческая природа и социальный порядок. – М., 2000. – 312 с.
- [10] Мид Дж. Г. Избранное: Сб. переводов / Дж.Г. Мид. М.: РАН. ИНИОН. Центр социал. науч.-информ. исследований, 2009. 290 с.
- [11] Эриксон Э. Детство и общество. – М.: Речь, 2000. – 592 с.
- [12] Роджерс К. О становлении личности. Психотерапия глазами психотерапевта. – М.: Прогресс, 1994. – 256 с.
- [13] Бернс Р. Развитие Я-концепции и воспитание. – М.: Педагогика, 1986. – 421 с.
- [14] Янчук В.А. Введение в современную социальную психологию. – Минск: АСАР, 2005, – С. 251-352.
- [15] Щербатых Ю.В. Общая психология.– Санкт-Петербург: Питер, 2008. – 272 с.
- [16] Леонтьев А.Н. Эволюция психики.– Воронеж: МОДЭК, 1999. – 416 с.
- [17] Перлз Ф. Эго, голод и агрессия / Ф. Перлз. – М.: Смысл, 2000. – 358 с.
- [18] Щербатых Ю.В. Сайт профессора психологии Воронежского филиала Московского гуманитарно-экономического института Ю.В.Щербатых.– Воронеж, 2018. [Электронный ресурс]: URL: <http://www.no-stress.ru/Uchebniki/general-psych/soznanie.html/> (дата обращения: 28.02.2018).
- [19] Шефер Б., Шредер Б. Социальная идентичность и групповое сознание как медиаторы межгруппового поведения //Иностранная психология. – 1993, – Т.1. – С.74-84.
- [20] Кули Ч. Человеческая природа и социальный порядок. – М.: Идея-Пресс, 2000. – 320 с.
- [21] Рубинштейн С.Л. Бытие и сознание – СПб., 2012. – 288 с.
- [22] Болотова А.К. Развитие самосознания личности: временной аспект//Вопросы психологии, – 2006. – № 2. – С.116–125.
- [23] Вундт В. Этика: Принципы нравственности. Области нравственной жизни. – Изд.2. –М.: ЛИБРОКОМ, 2011. – 264 с.
- [24] Журавлева Н.А. Программа социально–психологического исследования экономического сознания личности //Современная психология: состояние и перспективы исследований. – Часть 5. – М.: Институт психологии РАН, – 2002. – С.11-41.
- [25] Журавлев А.Л., Купрейченко А.Б. Феномены самоопределения личности и группы в экономической среде //Психология адаптации и социальная среда: современные подходы, проблемы, перспективы. – М.: Институт психологии РАН, – 2007. – С.129-148.
- [26] Дейнека О.С. Экономическая психология. Учеб.пособие. – Санкт-Петербург; СПб.: 1999. – 180 с.
- [27] Соколов Е.Н. Очерки по психофизиологии сознания /под ред. М.И. Черкасской, под науч. ред. Е.Д.Шехтера. – М.: МГУ, 2008. – С.11,12. – 255
- [28] Шибановой Е.С. Образы богатого и бедного человека: компоненты экономического сознания //Ежегодник РПО: Материалы Всероссийского съезда психологов. – Т. 8., – М. 2003. – С.423-427.
- [29] Хащенко В.А. Социально–психологический подход к анализу экономического самосознания //Хащенко В.А. Ежегодник РПО: Всероссийского съезда психологов. – М., 2003, – С.168-172.

[30] Дейнека О.С. Экономическая психология: Учебное пособие /О.С. Дейнека. – СПб.: Изд-во СПбГУ, 2000. – 160 с.

[31] Васеленко В.Ф. Экономическое сознание: сущность и пути формирования у молодежи: Автореф. дисс. ... канд. фил. наук. – М., 1991. – 24 с.

[32] Поланьи К. Великая трансформация: Политические и экономические истоки нашего времени. — СПб.: Алетейя, 2014. – 312 с.

[33] Қорғанбаева Г. Трансформация экономической системы Казахстана. «Трансформация политической экономической системы Казахстана и Польши: сравнительный анализ. Казахстанский институт стратегических исследований при Президента Республики Казахстан (КИСИ), Центр ОБСЕ г. Алматы и Посольство Республики Польша в Казахстане (Алматы, 5 декабря 2001 г.). – Алматы, 2002. – С. 56-69.

[34] Ольшанский Д.В. Трансформация человеческого сознания. [Электронный ресурс]: URL: http://www.civisbook.ru/files/File/Olshanskiy_1991_3.pdf (өтінім берген күні 07.10.2021)

References

- [1] Abai. Shygarmalarynyng eki tomduq tolyq zhinagy. – Т.2. – Алматы. – Zhazushy, 2005. – 335 b.
- [2] Qutpanbaev A. Zhastarga ekonomikalыq bilim beru negizderi //Qazaqstan mektebi. – 2001. – №10. –В.17–21.
- [3] Zhanbobekova M.Z.Ulttyq mektepterde ekonomikalыq bilim beru. – Алматы, 2000. – 24 b.
- [4] Tursynbaeva S. Bastauysh synyp oqushylarynyng ekonomikalыq tarbiening psikhologiyalyq-pedagogikalыq negizi //Abai KazUPU Khabarshysy. – 2006. – №1. –В. 35-38.
- [5] Mikhailova Ph.T. Obshestvennoe soznanie I samosoznanie individa. – М.: Nauka, –1990.–222s.
- [6] Spirkin A.G. Soznanie I samosaznanie. – М.: Politizdat, 1975. – S.35-45.
- [7] Dubrovskii D.I. Priroda cheloveka, massoboe soznanie I globalnoe budushee //Philosophskie nauki, – 2013. – №9. – S.5-14
- [8] Phreid Z. Vvedenie v psikhoanaliz: Lekcii /Z. Phreid. – М.:Nauka, 1989. – 403 s.
- [9] Kuli Ch. Chelovecheskaya priroda I socialnyi poryadok. – М., 2000. – 312 s.
- [10] Mid, Dzh. G. Izbrannoe:sb. perevodov / Dzh. G. Mid. М.:Ran. INION. Centr social. nauch. - inphorm. issledovaniy, 2009. – 290 s.
- [11] Erikson E. Detstvo I obshestvo. – М.: Rech, 2000. – 592 s.
- [12] Rodzhere K.O. Stanovlenii lichnostyu. Psikhoterapiya glazami psikhoterapevta. – М.: Progress, 1994. – 256 s.
- [13] Berns R. Razvitie Ya-koncepcii i vospitanie. – М.: Pedagogika, 1986. – 421 s.
- [14] Yanchuk V.A. Vvedenie v sovremenniyu socialnuyu psikhologiyu.– Minsk: Asar, 2005, – S. 251-352.
- [15] Sherbatykh Yu.V. Obshaya psikhologiya. – Sankt-Peterburg: Piter, 2008. – 272 s.
- [16] Leontev A.N. Evolyuciya psikhiki. – Voronezh: MODEK, 1999. – 416 s.
- [17] Perlz Ph. Ego, Golod I agressiya / Ph.Pperlz. – М.: Smysl, 2000. – 358 s.
- [18] Sherbatykh Yu.V. Sait profhessora psikhologii Voronezhskogo phialala Moskovskovo gumanitarno-ekonomicheskogo institura Yu.V. Sherbatykh. – Voronezh, 2018. [Elektronnyi resurs]: URL: <http://www.no-stress.ru/Uchebniki/general-psych/soznanie.html/> (data obrasheniya: 28.02.2018).
- [19] Shepher B., Shreder N. Socialnaya identichnost I gruppovoe soznanie kak mediatory mezhgruppovogo povedeniya // Inostrannaya psokhologiya. – 1993, – Т.1. – S.74-84.
- [20] KuliCh. Chelovecheskaya priroda i socialnyi poryadok. – М.: Ideya-Press, Dom intellektualnoi knigi, 2000. – 320s.
- [21] Rubinshtein S.L. Bytie i soznanie. SPb., 2012. – 288 s.
- [22] Bolotova A.K. Razvitie samosoznaniya lichnosti: vremennoi aspekt // Voprosy psikhologii, – 2006. – №2. – s. 116–125.
- [23] Vindt V. Etika: Principy npravstvennosti.Oblasti npravstvennoi zhizni. – Izd.2. – М.: LIBROKOM, 2011. – 264 s.

[24] Zhuravleva N.A. Programma socialno-psikhologicheskogo issledovaniya ekonomicheskovo soznaniya lichnosti //Sovremennaya psikhologiya: sostoyanie i issledovaniy. – Chast 5. – M.: Inatitut psokhologii RAN, – 2002. – S.11-41.

[25] Zhuravlev A.L., Kupreichenko A.B. Phenomeny samoopredeleniya lichnosti i gruppy v ekonomicheskoi crede // Psikhologiya adaptacii i socialnaya sreda: sovremennye podkhody, problem, perspektivi. – M.: Institut psikhologii RAN, 2007. – S. 129-148.

[26]Deineka O.S. Ekonomicheskaya psikhologiyis. Ucheb.posobie. – Sank-Peterburg: SPb.: S. Peterb. Un-ta, – 1999. – 180 s.

[27] Sokolov E.N. Ocharki po psikhophiziologii soznaniya /Pod red. M.I.Cherkasskoi, pod naych. Red. E.D.Shekhtera. – M.: MGU, 2008. –S.11-12. – 255.

[28] Shibanovoi E,S, Obrozy bogotovo i bednogo cheloveks: komponenty ekonomicheskogo soznaniya // Ezhegodnik RPO: materialy vse ros. Sezda psikhologov.– T.8., – M. 2003. – S.423-427.

[29] Khashenko V.A. Socialno-psikhologicheskii podkhod k analizy ekonomicheskovo samosoznaniya // Khashenko V.A. Ezhegodnik RPO: materialdy vseroe. Sezda psikhologov. – M., 2003, – S.168-172.

[30]Deineka O.S. Ekonomicheskaya psikhologiya: uchebnoe posobie /O.S.Deineka. – SPb.: SPbGU, 2000. – 160 s.

[31] Vaselenko V.Ph. Ekonomicheskoe soznanie: sushnosy i puti phormirovanie u molodezhi: aphtoreph. diss. ... kand. phil. nauk.. – M., 1991. – 24 s.

[32] Polani K. Velikaya tranphormaciya: Politicheskies i ekonomicheskies istoki nashego vremeni. — SPb.: Aleteiya, 2014. - 312 s.

[33] Qorganbaeva G. Transphormaciya ekonomicheskoi sistemy Qazaqstana. «Transphormaciys politicheskoi i ekonomicheskoi sistemy Qazaqstana i Polshi: sravnitelnyi analiz. Qazaqstanskii institute strategicheskikh issledovannii pri Prezidents Respubliki Qazaqstan (KISI), Centr OBSeg. Almaty i Posolstvo Respubliko polsha v Kazakhstane (Almaty, 5 dekabrya 2001 g.). – Almaty, 2002. – S. 56-69.

[34] Olshanskii D.V. Transphormaciya chelovecheskogo soznaniya. [Elektronnyi resurs]: URL: http://www.civisbook.ru/files/File/Olshanskiy_1991_3.pdf

Возможности формирование экономического сознание у подрастающего поколения

М.М. Халитова¹, И.Р. Халитова², Н.О. Атемкулова²

¹ *Институт экономики Комитета науки Министерства образования и науки РК*

²*Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан)*

Аннотация

Изучая экономическое сознание, было отмечено, что в молодом поколении необходимо рассмотреть возможности его формирования. Необходим поиск путей формирования у подрастающего поколения экономического сознания в соответствии с требованиями времени. Для оценки уровня экономического сознания в работе определены критерии и показатели сформированности экономического сознания у молодого поколения. При этом, делается вывод о том, что, с одной стороны, личность в подсознании думает о своей выгоде, а с другой – о соответствии требованиям общества. Индивид старается со всех сторон обдумывать и сопоставить свои действия с происходящими в обществе явлениями, критически оценивая, определяет свои идеалы и цели, планирует будущую деятельность, что является необходимостью в данное время. Во все времена человек стремиться к максимальному удовлетворению своих потребностей. В современном мире, для достижения поставленных целей необходимы определенные ресурсы, что и подтверждает важность экономического мышления и сознания. Каждому члену общества необходимы экономические знания, умения и практические навыки, но они будут эффективны при условии, что были освоены сознательно. С развитием общества потребности человека возрастают и ме-

няются. Здесь возникает проблема соответствия возможностей потребностям, что еще раз подтверждает необходимость приобретения элементарных экономических знаний. Но потребности и возможности постоянно меняются и экономическое знание тоже постоянно обновляется, что отражает необходимость в трансформации экономического сознания. Статья подготовлена в рамках грантового исследования ИРН АР09259332 – Трансформация экономического сознания общества в условиях патологии экономики (на примере Республики Казахстан)

Ключевые слова: Экономическое сознание, подрастающее поколение, трансформация, экономические знания, деятельность.

Opportunities for the formation of economic consciousness in the younger generation

M.M. Halitova¹, I.R. Halitova², N.O. Atemkulova³

*¹Institute of Economics of the Science Committee
of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan*

*²⁻³Kazakh National Pedagogical University named after Abai
(Almaty, Kazakhstan),*

Abstract

Studying economic consciousness, it was noted that in the younger generation it is necessary to consider the possibilities of its formation. It is necessary to search for ways to form the economic consciousness of the younger generation in accordance with the requirements of the time. To assess the level of economic consciousness, the paper defines criteria and indicators of the formation of economic consciousness among the younger generation. At the same time, it is concluded that, on the one hand, a person in the subconscious thinks about his own benefit, and on the other - about compliance with the requirements of society. The individual tries from all sides to think about and compare his actions with the phenomena taking place in society, critically assessing, determines his ideals and goals, plans future activities, which is a necessity at this time. At all times, a person strives for the maximum satisfaction of his needs. In the modern world, certain resources are needed to achieve these goals, which confirms the importance of economic thinking and consciousness. Every member of society needs economic knowledge, skills and practical skills, but they will be effective if they have been consciously mastered. With the development of society, human needs increase and change. Here there is a problem of matching opportunities to needs, which once again confirms the need to acquire basic economic knowledge. But needs and opportunities are constantly changing and economic knowledge is also constantly being updated, which reflects the need for transformation of economic consciousness. The article was prepared within the framework of the IRN grant study АР09259332 – Transformation of the economic consciousness of society in the conditions of the pathology of the economy (on the example of the Republic of Kazakhstan)

Keywords: Economic consciousness, the younger generation, transformation, economic knowledge, activity.

Редакцияға 17.11.2021 қабылданды.